



Бүгінгі кейіпкеріміз – Кызылордада шұлық өндіріп, нарыққа шығара бастаган кәсіпкер-келіншек Айгүл Мұханбетжанова. Алғашында бұл жаналықты естігенде танырқап қарсы алдық. Кейін қоруге асықтық.

4 баланың анасы Айгүлдің негізгі мамандығы – экономист-бухгалтер. Осы уақытқа дейін балық сатып, отбасылық «Арзан балық» дүкенін де қалыптастырып үлгерген. Алғашында жолдасы: «Шұлық шығарып сатуды қолға алайық. Халық шұлықсыз жүрмейді. Бұл да табыс әкелетін кәсіп түрі» , - дегенде тын идеяға күмәнмен қарап, бастап кетуге қорыққан. Кейіннен ақылдаса келе, ашуга бел буады.

Кәсіпкер шұлық өндіруді бастамас бұрын жерін заңдастыруды қолға алған. Осы жерде оған Кәсіпкерлер палатасының мамандары көмекке келеді.

«Палата мамандары 1200 шаршы метр жер телімінің нысаналы мақсатын ғимаратқа қызмет көрсету үшін деп өзгерту үшін тиісті құжаттардың барлығын «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығымен» бірге дайындап шықты. Нысаналы мақсатты өзгерту барысында жердің жалпы бағалық құны 1 млн. 476 мың теңгені құрады. Дәл сол сәтте бірден төлеп тастауға қаржым болмады. Бұл жерде де Кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері жердің кадастрлық құнын келісімшартқа отыру кезінде бастапқы 5% - 73 800 теңге төлеуге, қалған 1 млн. 402 мың теңгені 3 айға бөліп, 467 мың 400 теңгеден бөліп

төлеуге болатынын айтты, жолын көрсетті», - дейді Айгүл Мұханбетжанова.

Кәсіпкер келіншек өндірісті ашуға қажетті қаржы – 25 млн. теңгені «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы аясында «Халық банкінен» алады. Ал қажетті құралдарды Қытайдан, шикізатты Озбекстаннан алдырады.

«Жұмысқа бірден 5 адамды алдым да, оқытуды бастап кеттік. Алғашында біздің қызметкерлерімізді қытайлықтар оқытты. Алайда мамандарымыз тіл білмегендіктен, үйрену оңай болмады. Содан кейін көрші Шымкент қаласындағы зріптестерімізге жіберіп, зрқайсысын жеке-жеке оқытып алдық. Өзім осы мекеменің басшысы екенмін деп кабинетте отырғаным жоқ. Сол жұмысшылармен бірге тауарды ззірлеп, сатудамын. Кәсіпте нәтижеге қол жеткізгін келсе, басы-қасында өзін жүруін керек. Адам жұмсағаннан тірлік бітпейді», - дейді кәсіпкер.

Цехта күніне 350-400 дана шұлық шығарылады. Бағасы да көнілге көнімды, қалтаға жеңіл – 150 теңгеден. Өзіміздің жергілікті шұлықты алғысы келген азаматтар Кызылорда қаласы, Бегім ана №14 Д мекен-жайына баруларына болады немесе 8 701 460 34 30 байланыс телефонына хабарласып, тапсырыс бере алады.

Ал Айгүл Мұханбетжанова алдағы уақытта күнделікті жұмысқа қолданатын қолғаптар мен қаптар, сондай-ақ, қыз-келіншектерге арналған қолготки де шығармақ. Ендеше отандық өнімнің үлесін арттырып жүрген кәсіпкерімізге сәттілік тілейміз. Жана өнімдерін таныстыратын күнге де жетейік.

Кызылорда облысы

кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі